

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 675 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5            ж ы л ғ ы            1            ш і л д е д е г і

N            6 7 5            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыру**

1. "Табиғи ортаның жайын бақылайтын станциялардың мәртебесі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 38 қаулысында :

2-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи ортаның жайын бақылайтын станциялардың мәртебесі жөніндегі ережеде:

1-тармақта "Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасының (Казгидромет)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Қазгидромет)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасы" деген сөздер "Қазгидромет" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарын және Астана қаласын тұрақты дамыту үшін қоршаған ортаны жақсарту" шатырлық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 наурыздағы N 264 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 9, 76-құжат):

4-тармақта "Табиғи ресурстар және" деген сөздер алынып тасталсын.

3. "Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 41, 470-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру және жүргізу ережесінде:

9 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада "белгіленген құзыретіне сәйкес су ресурстарын басқару және ауыл шаруашылығы" деген сөздер "су қорын пайдалану мен қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "және қорғау" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "қоршаған ортаны қорғау" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшада "саласындағы уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "және балық ресурстарын және басқа су жануарларын қорғау өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта "табиғи ресурстар және" деген сөздер алынып тасталсын.

4. "Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 885 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 24-25, 302-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру мен жүргізудің е р е ж е с і н д е :

14-тармақтың 2) тармақшасында "және жергілікті атқарушы" деген сөздер алынып тасталсын;

18-тармақта "және жергілікті бюджеттер" деген сөздер "бюджеттің" деген сөзбен ауыстырылсын.

